

Жаркынбаева Р.С.¹, Уразбаева А.М.²

¹тарих ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: r_seidali@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: akzhamal.m@gmail.com
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

СОҒЫС ӘЙЕЛДЕР КӨЗҚАРАСЫМЕН: ХИУАЗ ДОСПАНОВА ЕСТЕЛІКТЕРІ

Ұлы Отан соғысына байланысты тарихи жады жетпіс жыл жыл мерзім өтсе де халықтың санасында ұмытылмас із қалдырғаны анық. Ерлер мен әйелдердің соғысқа қатысу тәжірибесі, күнделікті өмірде соғыс тауқыметін жеңудегі тәжірибелері зерттеушілік тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да өте маңызды. Соғыс ардагерлері жүріп өткен қиын жол бүгінгі жас ұрпаққа үлгі боларлық екені сөзсіз. Өткен соғыс туралы естеліктер бүгінгі жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеуде негізгі факторлардың бірі болып қала береді, әсіресе Хиуаз Доспанова секілді аттары аңызға айналған тұлғалар мысалында.

Тарихи зерттеулердегі гендерлік тұрғы зерттеу аясына тарихшылардың назарынан тыс қалып келген көптеген тың тақырыптарды қосуға мүмкіндік бере отырып, тарихты байытып қана қоймай тұрғындардың барлығын қамту арқылы оны шынайы халықтық деңгейге жеткізеді. Мақалада соғыс жылдарындағы әйелдер тағдырын Хиуаз Доспанова естеліктері ізімен талдауға талпыныс жасалады.

Түйін сөздер: гендер, соғыс, Доспанова, естеліктер, күнделікті өмір.

Zharkynbaeva R.S.¹, Urazbayeva A.M.²

¹doctor of historical sciences, professor, e-mail: r_seidali@mail.ru

²candidate of historical sciences, associate professor, e-mail: akzhamal.m@gmail.com
al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

War Through the Eyes of Women: memories of Dospanova Hiuz

The historical memory of the Great Patriotic War for over 75 years is still an important event in the historical memory of nations. The experience of the participation of men and women in the war, the experience of overcoming the difficulties of the military everyday life, accumulated by the generation of that time, seems relevant not only from research positions, but also from practical positions. It can serve as an example of overcoming the harsh trials of war, both by men and women. The memory of the past war is still one of the factors of the patriotic education of young people on the heroic examples of older generations, including such legendary personalities as Khiuz Dospanova.

The gender approach in historical research allows us to include in the research field a large number of new topics that have not attracted the attention of historians for a long time, which makes history richer and more diverse, allows it to include all groups of the population, makes history truly universal and popular. This article attempts to uncover the elders of the war with the participation of women in the wake of Hiuz Dospanova's memories.

Key words: gender, war, Dospanova, memories, everyday life.

Жаркынбаева Р.С.¹, Уразбаева А.М.²

¹Доктор исторических наук, профессор, e-mail: r_seidali@mail.ru

²кандидат исторических наук, доцент, e-mail: akzhamal.m@gmail.com
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Война глазами женщин: воспоминания Хиуаз Доспановой

Историческая память о Великой Отечественной войне на протяжении более 75 лет все еще остается важным событием в исторической памяти народов. Опыт участия мужчин и женщин в войне, опыт преодоления трудностей военной повседневности, накопленный поколением того времени, представляется актуальным не только с исследовательских позиций, но и с практических позиций. Может послужить в настоящее время примером преодоления суровых испытаний войны как мужчинами, так и женщинами. Память о минувшей войне все еще остается одним из факторов патриотического воспитания молодежи на героических примерах старших поколений, в том числе и таких легендарных личностей как Хиуаз Доспанова.

Гендерный подход в исторических исследованиях позволяет включить в исследовательское поле большое количество новых тем, долгое время не привлекавших внимание историков, что делает историю богаче и разнообразней, позволяет включить в него все группы населения, делает историю подлинно всеобщей и народной. В данной статье рассматриваются некоторые аспекты жизни женщин на войне на основе воспоминаний Хиуаз Доспановой.

Ключевые слова: гендер, война, Доспанова, воспоминания, повседневность.

Кіріспе

Екінші дүниежүзілік / Ұлы Отан соғыс жылдары Қазақстанда жасақталған әскери бөлімдер соғыстың алғашқы күндерінен бастап жаумен ерлікпен шайқасты. Соғыс алаңында ерлік көрсеткендер қатарында қазақ қыздарының алар орны ерекше. Ұлы Отан соғысына әйел қауымы өте белсенді қатысқан. Шамамен 800 мың кеңестік әйел қатысса, 150 мыңнан астамы ерлігі мен батылдығы үшін әртүрлі орден, медальдермен марапатталса, 86 әйел Кеңес Одағы батыры атағын иеленген (Малышева Е.М., 2011: 291).

Осыған орай соғыс жылдарындағы әйелдер мәселесін, олардың майдан мен тылдағы қажырлы еңбектерін зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ұлы Отан соғысы тарихының гендерлік аспектісіне назар аудару тың мәселелерді зерттеуге ғана емес, Ұлы Отан соғысына қатысқандардың жынысына қарамай барлығын толық қамтуға мүмкіндік береді, ерлер мен әйелдердің еңбектегі немесе тылдағы және майдандағы ерліктерін, жеңіске қосқан ортақ үлесін айқындауға көмектеседі. Ұлы Отан соғысы тарихын әйелдердің қабылдауын және оларға деген ер азаматтардың көзқарастарын, олардың қоғамдағы орнын, гендерлік тұрғыдан зерттеу мәселесі кез келген қырынан ғылыми қызығушылық тудырады анық, ол өз кезегінде зерттеу әдістерін таңдауда, теориялар мен гипотездердің принциптерін қалыптастыруда да маңызды.

Методология

Осы бағытта зерттеудің әдістемелік принциптері негізінде Қазақстан мен Ресейдегі Екінші дүниежүзілік/Ұлы Отан соғысының гендерлік аспектілерін нақты – тарихи жағдайға сәйкес зерттеуге мүмкіндік беретін тарихилық принциптің маңызы зор.

Тарихи зерттеулердегі гендерлік тұрғы зерттеу аясына тарихшылардың назарынан тыс қалып келген көптеген тың тақырыптарды қосуға мүмкіндік бере отырып, тарихты байытып қана қоймай тұрғындардың барлығын қамту арқылы оны шынайы халықтық деңгейге жеткізеді. Соған қарамастан, соғыс тақырыбына қатысты тарихи зерттеулердегі гендерлік тұрғы көпжоспарлы және зерттеу үшін күрделі міндет. Дж. Голдстейн атап көрсеткендей «Проблема изучения взаимосвязи войны и гендера заключается в том, что требует привлечения разного уровня анализа и методов различных общественных наук: социологии, антропологии, психологии, политологии, истории» (Goldsten J., 2001: 540).

Елбасының соңғы көтерген, ерекше мән берген бағыттарының бірі архив құжаттары. Бүгінгі таңда жаңа құжаттарды ғылыми айналымға енгізу соғыстағы әйел феноменіне қатысты жаңа ойлар мен пікірлерді, көңіл-күйді көрсетуге мүмкіндік береді және зерттеу нысаны ретінде алған әлеуметтік көріністің сипатын кеңейтіп, оны объективті және көпқырлы түсінуге жағдай жасайды.

Мәселеге қатысты тарихи деректердің түрлері өте көп. Оның ішінде тек мұрағат құжаттары ғана емес, сонымен бірге, жеке тұлғалық құжаттар (күнделіктер, мемуарлар, естеліктер) және соғысқа қатысқан тұлғалардың, ардагерлердің эмпирикалық тәжірибелеріне негізделген (сұхбат) деректерді атап көрсетуге болады. Осылардың ішінде біздің бүгінгі талдайтын дерегіміз – естеліктер.

Хиуаз Доспанова естеліктерінен

Соғыс даласында дәрігер мен медбикеліктен басқаға жарамайды деп, соғыс бөлімшелерінде кәдімгі әскери күш ретінде мойындалмаған әскери әйелдердің қиын да қилы тағдырын түсінуге Дьюк (АҚШ) университетінің профессоры А. Крылова еңбегінің маңызы зор. «Soviet Women in Combat: A History of Violence on the Eastern Front» атты еңбегінде А. Крылова кеңестік әскери әйелдер феноменінің мәдени қайнар көзін, олардың майдандағы ерліктерін, әскери ер адамдар арасында жүріп өздерінің рөлін қалай түсініп, бағалағандығын көрсетеді. Автор, 1938 жылы «Родина» ұшағы аспанға көтерілген сәттен әйел ұшқыштар (Полина Осипенко, Валентина Гризодубова и Марина Раскова) арнайы мәдениетте өздерін ана ретінде де, жауынгер ретінде де таныта алғандығын жазады. Автор, 1941 жылы еріктілер қатарында соғысқа аттанғысы келген қыздардың қандай қиындықтарға тап болғандығын сипаттап көрсетеді. Тек қана 1942 жылдың басында кеңес басшылығы әйелдерді әскерге алу саясатын қолдады. Крылова, дәл осындай әйелдерді жүйелі мобилизациялау және оларды соғыс қимылдарына дайындау әлем бойынша басқа еш жерде қайталанбағандығын көрсетеді. 1941 жылы бірқатар әйел қауымы ұшқыштар қатарына тартылғанымен, 1942 жылы ғана әйелдерді соғысқа жаяу әскерге, ең алдымен снайперлік мектептерге дайындау қолға алынған (Krylova A., 2010: 336). Автордың бұл ойларын Хиуаз Доспанова естеліктері де дәлелдей түседі: «Совет авиациясының бәрінен де биік, бәрінен де алысқа, бәрінен де ұзақ ұшу табысы бүкіл әлемді таңырқатты. Жер жүзіне атағы жайылған ер-ұшқыштар қатарына әйел-ұшқыштар қосылды» (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) д. 25).

Соғыс даласында ерлік көрсеткен Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды батыр қыздарымызбен қатар, Хиуаз Доспанованың ерлігі ерекше назар аудартарлық. Хиуаз Доспа-

нова өзінің өскен ортасы, ұрыс даласындағы ерлігі туралы көзі тірісінде жазып мол естелік қалдырған. Доспанова Хиуаз Қайырқызы – Ұлы Отан соғысы жылдарында майданда ерлікпен шайқасқан қазақтың қайсар ұшқыш қызы. Атақты орыс ұшқышы Марина Роскова басқарған 46 гвардиялық түнгі бомбалаушы – ұшқыштар полкінде штурман қызметін атқарған. Соғыс кезінде-ақ «Қанатты қыз» атанған – Хиуаз Доспанова апамыз небәрі 18 жасында майдан шебінен табылған. Доспанова Украина, Беларуссия мен Польша жерлерін азат етуге қатысып, Германия аспанында соғысқан. Жап-жас қазақ қызы жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағын ұршықша иіріп, талай мәрте түн ішінде жау тылын талқандайды. Ол түнгі бомбалауға штурман ретінде 300 рет қатысқан (Доспанова Х. 1963: –38).

Көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Кавказды қорғағандығы үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» және т. б. секілді көптеген медальдармен марапатталған (ҚР ОМА, қ. 2367. Т.1. Іс 25).

Хиуаз Доспанова 1922 жылы 15 мамырда Атырау облысының Құрманғазы ауданының Гониюшкино ауылында дүниеге келген. Ата-анасы революцияға дейін балықшы болған. Кейін әкесі зергерлік білім алып, партия қатарында жұмыс істесе, анасы Меруерт мұғалім болған. Кейін отбасы Оралға көшіп келген (ҚР ОМА, қ. 2367. Т.1. Іс 1)

Авиацияға Хиуаз өзінің қатарластары секілді келген. Орал қаласының №11 орта мектебінің 9 сынып оқушысы бола тұра Хиуаз аэроклубқа келеді. 1940 жылы мектепті алтын медальмен аяқтап, онымен бірге ұшқыш куәлігін де алып шығады. Мектеп бітірген соң Н.Е. Жуковский атындағы әскери әуе академиясына оқуға түспекші болғанымен, ол жерге қабылданбайды. Оған қамықпай құжаттарын Сеченов атындағы Бірінші Мемлекеттік Мәскеу медициналық институтына тапсырып, емтихансыз қабылданады (ҚР ОМА, қ. 2367. т. 1. Іс 25).

1942 жылы майда әлемдік авиация тарихындағы алғашқы жеңіл бомбылаушылардың түнде шабуылдайтын әйел полкі жасақталған болатын. Хиуаз 588-түнгі бомбалаушы авиа полкінің атқыш-штурманы болып тағайындалды. ПО-2 жеңіл бомбылаушылар міндеті – түнде аса қатты емес биіктіктен алдын ала анықталған жау техникалары мен күші шоғырланған жерлерді бомбылау болды (ҚР ОМА, қ. 2367. Т. 1. Іс 25). Хиуаздың штурмандық қасиеті туралы Кеңес

Одағының батыры Марина Чечнева өзінің «Боевые подруги мои» атты еңбегінде «Доспанова всегда безошибочно выводила свой самолет на цель и также точно выходила на свой аэродром» – деп жазған (ҚР ОМА, қ. 2367. От. 1. Іс 58). Хиуаз Доспанова өз ісінің мықты шебері болған.

1942 жылдың күзінде Кавказда алғаш жараланып, 2 айдай госпитальда жатып, қатарға қайта қосылған болатын. 1943 жылы 1 сәуірде екінші рет ауыр жарақат алады. Жарақаты қайта-қайта сыр берген соң штабқа полктің байланыс басшысы болып ауысады. Осы тұста полкпен бірге Екінші Белорус майданында болады. Сонымен бірге Варшава, Бреснау аспандарындағы шайқастарға қатысқан (ҚР ОМА, қ. 2367. Т. 1. Іс 25). Жеңіс қарсаңында ұшқыш қыз бен оның полктастары Берлиннен қашық емес Нате Бранденург қаласында болды. Осы тұста полкті тарату туралы бұйрық келген болатын (ҚР ОМА, қ. 2367. Т. 1. Іс 25). Соғыс соңында, үйге қайтар сәттің алдында Хиуаз Доспанова ерекше тапсырма алып, генерал Гречкомен бірге Мәскеуге ұшатын рейске екінші штурман болып тағайындалады. Тағайындаудан кейін қолбасшы Киевскиймен айрықша әскери округпен экипаж оны Киевке жеткізеді (ҚР ОМА, қ. 2367. Т. 1. Іс 58. 67 п). Осылайша 1945 жылы авиация лейтенанты Х. Доспанова Оралға оралады. Бірақ екінші топ мүгедегі болып оралады.

Соғыстан кейінгі жылдары да Хиуаз Доспанова ел үшін еңбек етуді тоқтатқан емес. Мысалы, Ғани Мұратбаев атындағы оқушылар мен пионерлер үйінің құрылысы мен көркем безендірілуіне атсалысты. Хиуаз Қайырқызы Қазақстан компартиясы Оталық комитетінде, Қазақстан комсомолында, Алматы қалалық комитетінде жауапты қызметтер атқарған. Алматы қалалық комитетінде екінші, кейіннен бірінші хатшылықты қызметтерде болған. Бейбіт күндегі ерен еңбегі жоғарғы үкіметтік марапаттармен бағаланды: Қызыл ту, Еңбек Ордендері, Ерен еңбегі үшін медальдары. Ал, 2004 жылы желтоқсанда Хиуаз Доспановаға Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы берілді (ҚР ОМА, қ. 2367. Т. 1. іс 25).

Ендігі кезекте Хиуаз Қайырқызының естеліктерінің ішкі мазмұнына тоқталар болсақ, соғыс жылдарындағы күнделікті өмір туралы, соғыс қимылдары туралы, кеңес қыздарының ерен ерлігі туралы көптеген мәліметтер аламыз.

Ең алдымен, Хиуаз апамыздың естеліктерінен мықты патриотизмді, Отанға деген шексіз

сүйіспеншілікті көруге болады. «Ант сөздері – жауынгердің борышы, ары, намысы. Біз ант сөздерін сап алдында босқа қайталаған жоқпыз, жоқ, ол сөздер біздің жанымыз, жалынымыз еді, әскери өміріміздің бастан кешкен және кешетін қасиетті күндері еді. Сол күні ант берген күн біз өзіміздің нағыз жауынгер екенімізді сезіндік» (Доспанова Х., 1963: 41) – деп зор тебіреніспен жазады. Ант берудің жай сөз емес, үлкен жауапкершілік екенін дәріптейді. Бүгінгі жастарымыз үшін бұл өмірлік сабақ болар мәнді сөздер.

Хиуаз Доспанова Әлия мен Мәншүкті соғысқа аттанбастан бұрын жақсы білгендігін айтады. «Біз Әлия мен Мәншүктің отбасыларымен аралас-құралас тұрғанбыз. Кезінде Әлияның анасы мен менің анам қазіргі Абай атындағы опера және балет театры жанындағы бір ескі үйдің пәтерінде тұрған. Алдымен соғысқа кеткен менмін. Менің майданға кеткенімді білген Мәншүк пен Әлия жаудан елін азат ету үшін майданға өздері сұраныпты дегенді естідім (ҚР ОМА, қ. 2367. Т. 1. Д. 25). Өз еркімен елі үшін майданға сұранып, өлімнен тайсалмаған батыр қыздарымыздың өмірі мен жүріп өткен жолдары, ерлігі қазіргі жастарға терең ой салуы қажет.

Хиуаз апамыздың естеліктерінен соғыс жағдайындағы күнделікті өмір мен бір сәт тыныштық орнаған кездегі демалыстар мен мерекелердің атап өтілуіне қатысты да құнды мәліметтер алуға болады. «Міне бүгін салтанатты кеш. Көпшілігіміздің кеудемізде үкімет наградасы жарқ-жұрқ етеді. Көркемөнер мүшелерінің концерті басталды... Рая орыстың бірнеше халық әндерін орындады. Одан кейін сахнаға біздің эскадрильямыздың командирі Дина Никулина шығып, әсем қозғалыспен вальс-четканы билеп берді. Сұлу тұлғалы Валя Ступина бірнеше романс айтты. Сонан соң сахнаға көркем сөз шебері Ира Кашилина шықты. Әркім сахнадан ду қол шапалақтаумен, қошеметпен кетіп жатыр. Соғыс басталғалы бері сол кеште біз тұңғыш рет биледік. Сауық түн ортасы ауғанша созылды (Доспанова Х., 1963: 38).

Сонымен қатар полк жауынгерлері арасында «Крокодил» шығарылып тұрған. Естелік мазмұнына сүйенсек, мұнда негізінен қателіктер, тәртіп бұзушылықтар т. б. тақырыптарға арналған мақалалар, әзіл өлеңдер жарияланып тұрғандығын көреміз. Мысалы, бірде жаңа жыл қарсаңында полкта болған төтенше жағдай, яғни көрші аэродромның маскировка елкасы ұрланғандығы, бірақ шын мәнінде ол ұрлық болмай шыққандығы тура-

лы қызық оқиғаны баяндаған мақала туралы бөліседі: «...«Крокодилдің» алғашқы номеріне міне осындай күлкілі жайларды қостық. Жолдастарға шарж бердік. Қыздар жапырласа келіп көріп, шек-сілесі қатқанша күліп, мәз болып қалды» (Доспанова Х., 1963: 56-57) – дейді. Соғыс тауқыметіне карамастан, өмірге деген құштарлық, ұнжырғаларын түсірмей, көңілдерін баспай мәдени шаралар өткізіп тұрулары да ерлік десек қателеспейміз. Соғыс жағдайына карамастан ресми мерекелер мен атаулы күндер мүмкіндігінше аталып өтіліп, бір сәттік тыныштықты бекер өткізбей, жеңіске қол жеткізетіндеріне, бейбіт өмірдің қайта орнайтындығына кәміл сенгендіктерін де Хиуаз Қайырқызы естеліктерінен көре аламыз.

«2-Белорусс майданының құрамындағы біздің әуе армиямыз ол кезде Польшаға кіріп, полкымыз Далек деген жерге орналасқан. 1944 жылдың декабрі болатын, біз жаңа жылды қарсы алуға әзірленіп жаттық. Жаңа жыл мерекесін революциялық мерекелермен бірдей тойлап өткізуді біз дәстүрге айналдырған едік. Ал жағдайға қарағанда бұл жаңа жыл майданда қарсы алатын соңғы жаңа жыл болмақ түрі бар. Жеңіс жылы болатыны байқалады. Сондықтан бәріміздің көңіліміз жақсы» – дей келе, әрбір звено, әрбір эскадрилья, инженер-техникалық құрам, тіпті полк штабы түгел шырша безендіріп, жаңа жылдық мерекені атап өтуге дайындалғындығы туралы баяндайды (Доспанова Х., 1963: 67).

Соғыс жағдайындағы адамдар арасындағы ерекше қасиеттердің бірі – Достық пен адамдардың бір-біріне деген қамқорлығы мен бауырмашылдығы еді. Хиуаз Қайырқызы соғыс жағдайында өзімен тағдырлас болған әрбір кеңес әйелі туралы жылы сезіммен, ыстық лебізбен баяндайды. Мысалы, «Полк өмір сүрген алғашқы күннен бастап Дуся екеуміз бірге болдық. Қуаныш пен қайғыны бір бөлісіп, келген хатты бірге оқыдық. Мен жараланбастан аз-ақ бұрын бүкіл звено болып оның туған күнін тойлаған едік, енді міне арамызда Дуся жоқ. Оны неміс истребителі аңдып жүріп, кабинада отырғанында басына снаряд оғын тигізіп, жас өмірін жоқ етіпті... Дуся Носальға Совет Одағының Батыры деген атақ берілді (Доспанова Х., 1963: 53). «Саша Хоршилова екеуміз полк жасақталған күннен бастап доспыз, бір-бірімізді қатты сыйлаймыз, бірақ айтысып алмай тұрып, тіпті ептеп ерегесіп алмай тұрып ешбір мәселені шешпеуші едік (Доспанова Х., 1963: 61).

Одан бөлек алғашқы жауынгерлік тапсырмасын ұшқыш Полина Белкинамен орындағындығын, полк парторгі Мария Руттың оларды алғаш сапарына аналық тілекпен шығарып салғандығын, алғашқы жарақатынан айыққаннан кейін Юля Пашковамен екі жүз дүркін жау шебіне ұшып аман қайтқандығын зор мақтанышпен баяндайды. Естеліктердің бірінде Юля Пашковамен «Славянская станицасын бомбаландар»! – деп таспырма алғандықтарын, дәл тапсырманы орындауға барған кезде сол мекенде Пашкованың үйі екендігін, әке-шешесі сонда тұратындығын білгендерін баяндайды. Қалыптасқан мұндай ауыр жағдайда Отан үшін тапсырманы орындау мен өз үйіңнің тағдыры арасында таңдау жасау ауыртпалығына карамастан, картадан қарап шамамен сол үйге тимейтіндей етіп шабуылдағандарын да ерекше еске алады. «Кейін сол Славянская станицасында болып қайттым, Юльканың үйі сол қалпында аман қалған. Бірақ Юляның өзі қаза тапқан еді» – деп жазады (Социалистік Қазақстан. 8 март. 1975 жыл).

Соғыс жағдайындағы әсерлі сәттердің бірі – аман жүрген туған-туыс, бауырдан достарыңнан хат алу, жер-жерлердегі майдандағы жағдайды баяндаған, амандығын білдіріскен хаттар алу. Соғыс тарихын күнделікті өмір тұрғысынан зерттеудегі маңызды элементтердің бірі де осы хаттар болды. Сол себепті де, соғыс майдандары мен бейбіт орта арасында өзара хат алмасулар толассыз жүріп отырған. «Соғыстың өн бойында біз туыстарымыздан, жолдас-жораларымыздан үнемі хат алып тұрдық. Олар жылы сезімге, қамқорлыққа, баласына деген ата-ана мақтанышына толы болатын. Хатты жатақханаға, дәл ұшарда немесе қонған бойда аэродромға әкеліп беретін. Алған бойда әрбір жолын толқи оқып, қуанышқа кенелуші едік. Одан кейін достарымызға оқып беретінбіз» (Доспанова Х., 1963: 45) – деп берілген естелік жолдардан қаншалықты тебіреністі көруге болады. Осылайша соғыс тақырыбының әртүрлі қырларын талдауға болады.

Сондай қызығушылық тудыратын мәселе – тәртіп мәселесі. Жеңіс қатаң тәртіптің арқасында келді ме, әлде әркімнің жеріне, еліне деген сүйіспеншілігімен келді ме деген сауалдар заңды. Хиуаз апамыздың естеліктеріне сүйенсек: «...соғыста қатқан қайыстай стандарт болған да емес, болуы мүмкін де емес еді. Кейде полк командирі Евдокия Давыдовна Бершанская ұшқыштар құрамын тегіс жиып алып, ерекше көзге түскен жауынгерлік ұшу сапарларын тал-

дап, бүкіл полк алдына түнгі тапсырманы бірақ қоятын. . . . Авиацияның немесе әуе армиясының штабы жауынгерлік тапсырманы әрбір күнге, тіпті кейде майдан шебінің жалпы жағдайына байланысты әрбір ұшу сапарына нақты түрде беруші еді. Кей кездері тапсырма жедел орындауды талап етеді, ондайда полк командирі Бершанская бізді тревога арқылы тұрғызады. Ұшқыштар шапшаң киініп, тапсырманы самолетте отырып тыңдайды» (Доспанова Х., 1963:49).

Кей жағдайда бомбалаушы қыздар басқа бағыттағы тапсырмалар да алып тұрған. 1943 жылы Кеңес әскері, соның ішінде авиация полктерінің алдында тұрған мақсат – шегіне бастаған жау әскерін қуып, аяғына жеткізу. Осындай тапсырманы Хиуаз апамыздың да полкі алған. «Жау ошағындағы үрейді еселей түсу үшін, бомбылаудан кейін сол жерлерге майдандағы жеңістер мен жетістіктерімізді көрсететін паракшалар лақтырып кетіп тұрдык» – деген жерлерден жеңіске деген сенім жауынгерлерімізді одан да қайраттандыра түскенін көреміз.

Сонымен бірге, алғаш рет соғыс барысында бомбалаушы қыздарға жау аймағына бомбы тастау үшін емес барлау үшін ұшу тапсырмалары берілгендігі, ал өздерінікіне көмекке ұшқандықтары туралы жазады. Олар көрсетілген жерге барып, қонбай әуеден тамақ, қосалқы құралдар, оқ-дәрілер салынған жәшіктер мен мешоктарды жеткізгендіктерін баяндайды. Әсіресе, сібірліктерге көмек жеткізгендегі әуе мен жерден төнген қауып, оқ атуларға қарамастан, қоршауда қалған өз әскерлеріне көмек қолын созған. «Бірнеше күннен кейін Севастополь түбімен ұшатын тұста, бізге аэродромға сібірліктер дивизиясы келіп, әскери көмегіміз үшін алғыс білдірді» – деп жазады (Ленинская смена. 25 мая. 1965 г.).

Осындай ерлік жолымен жүріп өткен Хиуаз апамыздың аты тарихта, әрбір ұрпақтың санасында – «Қанатты қыз» ретінде сақталады. «Қанатты қыз» атануы туралы Хиуаз Қайырқызы: «...Мені соғыс шағында қазаққа

әйгілі еткен алғашқы мақаланың аты – «Қанатты қыз» еді. Жерде жүрген бір бөлек, көкті тіліп өтіп, жауға тұтқиылдан өршелене тап беруге машықтанып алған маған қанат бітірген сол ұшақтар. Солай болғандықтан мені қанатты қыз деді ғой» – дейді.

Қорытынды

«Қанатты қыз» – Хиуаз Доспанованың соғыс куәгері ретіндегі естеліктерінің тарихи деректік маңызы өте зор екендігіне көз жеткіземіз. Қорыта айтқанда, Хиуаз Қайырқызының соғыстағы ерлігі – Отан қорғау соғысындағы мыңдаған қандастарымыздың ортақ отанымыз деп кеңестік әскер құрамында жан аямай ерлік көрсетіп, еңбек еткенінің бір ғана көрінісі. Дәл осындай жекелеген солдаттарымызбен әйел, ер деп бөлінбей, ерлік көрсеткен азаматтарымыздың еңбектерінен бүкіл кеңес халқының жеңісі жинақталды.

Өз кезінде ұшқыш әйелдер жасаған ғажайып бастамасы бұрынғы кеңес адамының жан сұлулығын, күшін әлемге паш етіп, күні бүгінге дейін жастарымызды жаңа ерлік істерге баулитын өнеге екені даусыз.

Қазақтың қаһарман қызы Хиуаз апамыз 2008 жылдың 20 мамырында қайтыс болды. Бүгінде Оралдағы № 30 орта мектеп апамыздың атымен аталып, болашақ ұрпақ тәрбиелеп отыр. Сонымен бірге Атырау қаласында Мұз айдыны да Хиуаз есімімен аталып, скульптуралық ескерткіші орнатылған. «Әйр Астана» АҚ Embraer 190 ұшағына бірінші ұшқыш қазақ қызы Хиуаз Доспанованың есімі берілді. «Бұл аты аңызға айналған ұшқыш қызымыздың ерлігі мен өжеттігі және барлық біздің ашық аспанымыз үшін шайқасқан соғыс ардагерлеріне деген құрмет деп білеміз» – дейді «Әйр Астана» АҚ президенті Питер Фостер.

Мақала «Майдан/тыл: Қазақстан мен Ресей тарихындағы Екінші дүниежүзілік/Ұлы Отан соғысының гендерлік аспектілері» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер

Доспанова Х. (1963). Халқым үшін (Әскери ұшқыштың естелігі). Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы.

Goldsten J. (2001). War and Gender. Cambridge University Press.

Krylova Anna. (2010). Soviet Women in Combat: A History of Violence on the Eastern Front. Cambridge University Press, Cambridge.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). Қор 2367. 1т. іс 25.

- ҚР ОМА. Қор 2367. 1т. Іс 25.
ҚР ОМА. Қор 2367. 1т. Іс 58
ҚР ОМА. Қор 2367. 1т. Іс 58. 67 п.
ҚР ОМА. Қор 2367. 1т. Іс 3. 8 п
Ленинская смена. 25 мая. 1965 г.
Малышева Е. М. (2011). Во имя Отечества. Патриотизм народа в 1941-1945 гг. Москва: «Ветехе».
Социалистік Қазақстан. 8 март. 1975 жыл
Қырсық бомбаны ең бірінші лақтырдым (2012). Х. Қ. Доспанова: әңг. Ә. Сейілханқызы. Класс time. 16 мамыр. №16.
12 б.
Қанатты қыздар: [Әскери ұшқыш естелігінен] / Х. Қ. Доспанова // Жұлдыз. 1961. №3. 77-86 бб.
ҚР ОМА. Қор 2367. 1т. Іс 52.
ҚР ОМА. Қор 2367. 1т. Іс 55.
ҚР ОМА. Қор 2367. 1т. Іс 59.
Доспанова Х. Қ. (2008). Әлия мен Мәншүгімді сағынып жүрмін. Өңгімесін жазып алған А. Мәди // Алматы ақшамы. 2008. 29 сәуір (48-49).
Доспанова Х. Қ. (2010). Ұшқыш күнделігінен // Алматы ақшамы. 2010. 6 наурыз, №28/29. 16-17 бб.
ҚР ОМА. Қор 2367. 1т. Іс 24.
ҚР ОМА. Қор 2367. 1т. Іс 15.

References

- Dospanova H. (1963). Halkym uschin (Askeri uschkyschtyn esteligi) [For the people (Memories of a military pilot)]. Almaty: Kazakhtyn memlekettik korkem adebiet baspasy.
Goldsten J. (2001). War and Gender. Cambridge University Press.
Krylova Anna. (2010). Soviet Women in Combat: A History of Violence on the Eastern Front. Cambridge University Press, Cambridge.
Kazakstan Respyblikasy Ortalyk memlekettik arhivi (KR OMA) [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (TsGA RK). Kor 2367. 1t. Is 25.
KR OMA. [TsGA RK]Kor 2367. 1t. Is 25.
KR OMA. [TsGA RK] Kor 2367. 1t. Is 58
KR OMA. [TsGA RK] Kor 2367. 1t. Is 58. 67 p.
KR OMA. [TsGA RK] Kor 2367. 1t. Is 3. 8 p
Leninskaja smena [Lenin's shift]. 25 maia. 1965 g.
Malysheva E. M. (2011). Vo imja Otchestva. Patriotizm naroda v 1941-1945 gg. [In the name of the Fatherland. Patriotism of the people in 1941-1945] Moskva: «Vetche».
Sotsialistik Kazakhstan [Socialist kazakhstan]. 8 mart. 1975 zhyl
Qyrsyq bombany en birinshi laqtyrdym [First threw the ill-fated bomb]/H. Q. Dospanova:ang. A. Seilhanqyzy//Klass time. 2012. 16 mamyr (№16). 12 b.
Qanatty qyzdar: [Askeri ushqysch esteliginen] [Winged girls: From the memories of a military pilot] /H. Q. Dospanova// Zhuldyz. – 1961. – №3. – 77-86 bb.
QR OMA. Qor 2367. 1t. Is 52.
QR OMA. Qor 2367. 1t. Is 55.
QR OMA. Qor 2367. 1t. Is 59.
Dospanova H. Q (2008). Alija men Manschugimdi sagynyp zhurmin [I miss my Aliya and Manshuk] angimesin zhazyp alghan A. Madi. Almaty aqschamy. 29 sayir.
Dospanova H. Q. (2010). Uschqysch kundeliginen [From the pilot's diary]. Almaty aqschamy. 6 nayryz. №28/29. 16-17 bb.
QR OMA. Qor 2367. 1t. Is 24.
QR OMA. Qor 2367. 1t. Is 15.